

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Л.Ж. Ұлы даланың ұлық тұлғасы: әл – Фараби //Білімді ел қоғамдық- саяси газеті. – 2019 – 22 желтоқсан.
2. Айтаханов Қ. Әль- Фараби жылын атап өтсек // Егемен Қазақстан газеті. - 2018 жыл 17 шілде.
3. Брусиловская Е. Әл-Фараби Ислам алтын ғасырының символы // «The Astana times». - 2014 жыл 27 мамыр.
4. Әбдірәсілқызы А. Әбу Насыр Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы // <https://kazislam.kz/abu-nasyr-al-farabidi-adebi-ylymi-m-rasy/?lang=ru>

Ермекова Д.К., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ИО-21к, студент
(*Ғылыми жетекшісі: Муратова М.Б., г.ғ.м., оқытушы*)

МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ БІРІ – АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ

Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұраға салынатын, барлық адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы болып табылады. Мәдени мұра өркениетті қоғамның ең маңызды себебі болып табылады, ол өзіндік рухани – өнегелілік пен материалдық құндылықтардан тұрып, ол бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жай өтіп ғана қоймай, оларды жоғалтып алмас үшін, ұлттық, мемлекеттік масштабтағы үлкен күш пен құралдарды салуды талап етеді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: тарих және археология ескерткіштерін жүйелендіру, сақтау және қалпына келтіру.

Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасы мен ұлттық бірлік нышаны ретінде қоғамдық өмірде ерекше маңызға ие киелі орындар бар. Олар – халық арасында ерекше құрметке ие мәдени мұра ескерткіштері. Атап айтсақ, зайырлы және діни сәулет өнері нысандары, табиғи ландшафт ескерткіштері, сонымен қатар, маңызды тарихи оқиғалармен тығыз байланысқан тарихи құндылыққа айналған нысандар бар. Барлығын тізіп шығу мүмкін емес шығар, сірә. Себебі, елімізде тұратын әр ұлыс үшін, тіпті, әр адам үшін аса құнды, ерекше ілтипатпенен қабылданатын нысандар мен орындар баршылық. Сол ескерткіштердің бірі – Айша Бибі мазары.

Сонау орта ғасырларда елі мен жерін жау найзасынан қорғаған Қарахан есімді батыр өмір сүрген екен. Талай алыпты тағынан түсіріп, қарсыласының алдында тайсалмаған Қарахан батыр қас жауының қызына ғашық болады. Көп ұзамай қыз әкесінің бұл некеге қарсы болатынын білген соң сүйгенін алып қашуға бел буады. Екі жастың қол ұстасып қашып кеткенін білген әкесі сарбаздарына оларды өлтіруді бұйырады. Қуған нөкерлерден қашамыз деп ғашықтар ұзақ жол жүреді. Арада біраз уақыт өткен соң тоқтаусыз шапқылай беруден шаршаған ару Асу атты өзеннің жағасында аялдауды ұсынады. Хан жарлығын бұлжытпай орындауды жөн көрген сарбаздар Қарахан мен Айша бибіні көре салысымен қыздың сәукелесіне жылан салып қояды. Бақыттың құшағында жүрген ғашықтар мұны байқамай қалады. Жылы суға рахаттанып түсіп шығып, Айша бибі киіне бастайды. Ақырында сәукелесін кие берген кезде жылан шағып алады. Осы сәтте ғашығының қолында мерт болып бара жатқанын көрген Қарахан алай – дүлей күйге түсіп, мына өмірден баз кешеді. «Бұл жалғанда бірге болу бұйырмаса да, о дүниеде жұбымыз жазылмасын» деп сүйгенін жақын маңдағы молдаға алып барады. Жас жігіттің Мәжнүндей қайысқанын көрген молда ғашықтарға батасын беріп, некесін қияды. Бейкүнә екі жастың отбасылық бақыты небары бірнеше минутқа созылады. Даналардың «Шын ғашықтар қосылмайды» деген сөзі бекер айтылмаса керек. Ешбір жауының алдында иілмеген батыр тағдырдың алдында бас иіп, Айша бибі қайтыс болған жерге мазар тұрғызады. Қарахан батыр сүйгенінің жанында болу үшін Айша бибінің қасынан өзіне де мазар салдырады. Өмірінің соңына дейін ақ киім киіп, Айша бибі мазарында түнейді. Жаратқанға жалбарынып, кешірім сұрайды. Осы адалдығы үшін халық оны есінде сақтаған. Ал бұл жер «Әулие ата» деп аталып кеткен. Айша бибі кесенесі XII ғасырда Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Тараз қаласынан 18 шақырым жерде тұрғызылды. Қазір мемлекеттік дәрежедегі архитектуралық ескерткіш. Кесенені өңдеу үшін Қазақстанның ертеректегі андрон, сақ тайпаларының геометриялық, зооморфты мотиві бар ою – өрнектері пайдаланылған. Төрт бұрышында батпан тіреуіші бар. Оның қалай салынғандығы жайлы тарихта нақты деректер жоқ. Алайда, халқымызда Айша бибінің сүйген жігітіне деген махаббатын баяндайтын аңыз

бар. Ол аңыздың 28 нұсқасы сақталған. Жоғарыда сол аңыздың 1 нұсқасы келтірілген. Алғаш Айша бибі кесенесін 1893 жылы орыс археологы Василий Бартольд зерттеген. 2002 жылы кесене мен оның айналасындағы саябақты ретке келтіру жұмыстарын жүргізу үшін Нишан Рамето сайланған.

Айша бибі (XI – XII ғғ.) Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау скифтер заманынан бастап ақ қазақтың қол өнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіштің иесі.

Қыздың ары, мақтаншы, елінің көркі санайтын, қыз қадірін білетін жер бетінде қанша ұлт болса, соның ең бірегейі, текті жұрт – қазақ халқы. Себебі, қазақ үшін ең әуелі, анасы – ардақты, апасы – арайлы, әпкесі – қамқоршысы, қарындасы – қандасы. Қызын қашанда ардақтап, қырық үйден тыйым салып тәрбие берген қазақтың қыздарынан да талай ел аналары шыққаны хақ. Ерлігі ерен Тұмар ана, ел басына күн туғанда етікпенен су кешкен Әлия мен Мәншүк, елі үшін жанын қиған Ләззаттар – тарихта қалған арулар. Ал бар болмысы наз, әдептен жаралған, талай батырдың жүрегіне «жара» салған Қыз Жібек, Баян сұлу сынды арулар, Зере, Ұлжан, Айғаным, Әйгерім сынды аналар – тектілік бейнелері. Міне, осындай бәсі биік тұрған арулардың бірі – Айша бибі.

Аңызға сүйенер болсақ, Айша бибі – Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, XI – XII ғасырда өмір сүрген ару. Нақты тарихи деректер болмағандықтан, біз Айша бибінің әкесі кім екенін анықтай алмай келеміз. Ел аузындағы аңызға сүйенсек, Айша бибінің әкесінің аты – Айғожа, ал кейде хас аруды халық сиыр малының атасы Зеңгі бабаның қызы дейді. Киелі Түркістан жерінде танысып, табысқан ғашықтар хикаясы да қызықты. Бір-бірімен сөз байласқан ғашықтар үйленуге бел буады. Уәделі уақыт таяғанда еліне жау шапқан Қарахан батыр Айша бибіні алып кетуге келе алмай қалады. Осындай қиын сәтте жерін жаудан қорғап, жанталасқан батырдың жағдайын білу үшін жанына қырық қызды ертіп, Айша бибі батырдың туған жеріне аттанған екен. Шаһардың шаңырағы алыстан көрінген кезде, Айша ару өзен суына шомылып алуды қалайды. Тағдырдың жазғаны болса керек, асау Аса өзеніне шомылған аруды улы жылан шағып алады. Мұны естіген Қарахан батыр жан ұшырып келген кезде Айша бибі хал үстінде жатқан екен. Өлім мен өмір арасында арпалысқан аруды ардақтаған Қарахан батыр екеуінің некесін қиғызған. Хан мен қайтыс болып кеткен қыздың некеге тұруы – бұған дейін де, бұдан кейін де тарихта кездеспеген жайт екен. Міне, аңыз осылай дейді [1].

Айша – бибінің кім екені жөнінде атадан балаға қалған аңыз болмаса, тарихи деректер жоқ. Ал аңыз оны төрт түліктің бірі – сиыр малының атасы деп есептелінетін атақты Зеңгі бабаның қызы еді дейді. Сол аңыздың айтуынша, Айша – бибі Түркістанда жас батыр Қараханмен кездесіп, бірін – бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады. Жаугершілік заман болса керек, тұс – тұстан анталаған жаумен арпалысып, елін, жерін қорғаумен жүргенде Қараханның уәделі мерзімде Айша – бибіге баруға мүмкіндігі болмайды. Арада біраз уақыт өтіп кетеді. Ақыры шыдамы таусылған Айша – бибі Қараханның мекені Тараз қаласына өзі іздеп бармақ болып, қасына күтушісі Баба – әже – қатынды ертіп, жолға шығады. Бірнеше күн жол жүріп, Таразға жетеді. Қаланың төбесі көрінгеннен кейін Айша – бибі күтушісімен өзеннің жағасына тоқтап, сол арада біраз дем алуға тоқтайды. Күтушісі ас жабдығына кіріседі. Ас әзірленгенше дем ала тұрмақ болған Айша – бибі арнайы өзіне төселген төсенішке келіп жатады. Сүйіктісінің ауылының төбесін көріп көңілі жайланған қыз маужырап ұйықтап кетеді. Осы ұйқыдан оны даланың улы жыланы шағып оятады. Денесін у жайлап, тынысы тарылып бара жатқан Айша – бибі дереу Қараханға хабар бергізеді. Қарахан тәуіптері мен молдасын алып жеткенде ару қыз екі дүниенің арасында жатыр екен. Қарахан қызды қолына алып, сол арада Айшамен некесін қидырып, құлағына: «Айша, сен енді бибі болдың!» деп үш рет айқайлапты. Қайғырып, қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін жерлеп, басына әсем күмбез орнатады. Жауын шайып, жел мүжіп, уақыт өз белгісін салғанымен бір – бірін шынайы сүйген ғашықтардың махаббатының өшпес белгісіндей болып, сол күмбез әлі тұр Тараз қаласының іргесінде [2, 123 б.].

Қазіргі Жамбыл облысында, Тараз қаласынан 18 шақырым жерде орналасқан бұл кесене XI – XII ғасырларда салынған. Зерттеушілердің айтуынша, Қазақстандағы басқа мемориалдық – дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Сырты керамикалық плиталармен қапталған ескерткіштің өзі әртүрлі кірпіштерден қаланған. XIX ғасырдағы суреттеріне қарасақ,

осыдан 8 ғасыр бұрын салынған ескерткіштің тек батыс жақ қабырғасы ғана бүтін қалған екен. Қалған жағы қираған.

Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 – 39 жылдары А.Н.Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ғылым академиясының экспедициясы зерттеген. Кейін бұл кесене бірнеше рет қалпына келтіріліп, қазіргі күнге жетті. соңғы рет «Қазақ жобалау – қалпына келтіру» институты Айша бибі кесенесін қалпына келтіру жұмысының жобасын жасап, Тараздағы шеберхана ескерткішті қалпына келтірді. Қайта қалпына келтіру жұмыстары 2001 – 2004 жылдар аралығында жүргізілді. Түркістанның шеберлері кесенені көтеру үшін үш жыл бойы көне белгімен плиталар жасауға тырысты.

Айша бибі кесененің ерекшелігі – сыртының әртүрлі плиталармен қапталуы. Оны тек Бұхарадағы Исмаил Самани мазарымен ғана салыстыруға келеді деседі. Кесене бай және әртүрлі геометриялық фигуралармен апталған. Қабырғасы шаршыланып біткен, күйдірілген кірпішпен тұрғызылған, ауданы 7,6 x7,6 м, бұрыштары бағана – тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3x1,4 м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген.

Кесененің бас жағында араб әрпімен жазу жазылған белдеу жүргізіліпті. Олардың біріндегі «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөз жазылған. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Арша ғасырлар бойы тозбай тұра беретін ағаш болғандықтан, әлі күнге дейін сақталып қалған.

Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғары жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3, 4 биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш бөліктен: күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен үнгіп жасалған бұл оюлар бір – бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын аңғарылады. Айша бибі – шамамен 11 – 12 ғасырларда өмір сүрген ару қыз. Айша бибі еліне сапарлап келген Қараханмен жүздесіп, бір – бірін ұнатады. Алайда тұтқиылдан елін жау шапқанын естіген Қарахан дереу еліне аттанады. Уәделі кезде хабар болмаған соң, алаңдаған Айша бибі «Күйеу жігіт еліне барып, бір хабарын білейін, аман болса алдыңызға келіп ақ батаңызды алып қосылармыз», деп әкесінен рұқсат сұрайды. Бірақ қыз әкесі келісімін бермейді. Үш рет өтініп, меселі қайтқан Айша бибі 40 қыз жолдас ертіп, Қараханның еліне өз бетімен аттанады. Ел шетіне таяғанда демалмақшы болып су бойына тоқтап жуынады. Сол кезде сәукеленің ішінде жасырынып қалған улы жылан Айшаны басынан шағып өлтіреді. Қыздардың хабарын естіп Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Ең болмаса о дүниеде қосылайық деп Қарахан осы жерде Айшамен некесін қидырады. Келін болып босаға аттамаса да уәдеге берік Айшаның соңғы демі өз қолында шыққанына әрі риза, әрі құса болған Қарахан Айша бибі қабірінің үстіне күмбез тұрғыздырады. Айша бибі хикаясын зерттеген тараздық журналшы Б.Әбілдаев «Айша бибі» деген пьеса жазды. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген [3, 345 б.].

Жан – жақтан жау анталаған заманда елін, жерін қорғаумен жүрген Қараханның айтқан уағында Айша бибіге баруға мүмкіндігі болмайды. Араға айлар түседі, жылдар жылжиды. Ақыры шыдамы таусылған Айша бибі Қараханның мекені – Тараз жеріне өзі іздеп бармақ болып, қасына күтушісі Баба әжені (кей жазбаларда Бабаджа хатун) ертіп, жолға шығады. Сүйгенінің ауылын алыстан көріп, енді сәл уақыттан кейін онымен кездесетінін ойлап, ұйықтап

кетеді. Сол кезде улы жылан Айша бибіні шағып алады. Бүкіл тәнін у жайлап, тынысы тарылып бара жатқан Айша бибі дереу сүйгені Қараханға ат шаптырады. Қарахан емші – тәуіптерін алып жеткенде ару қыз ісініп, талықсып жатыр екен. Қарахан молдаға екеуінің некесін қиғызады. Содан кейін ол жаны үзіліп бара жатқан Айшаның құлағына: «Айша сен енді бибі болдың!», – деп үш рет айқайлапты. Ғашығынан айырылып, қайғыдан қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін арулап жерлеп, басына әсем күмбез орнатады.

Тағы бір аңызда Айша бибіні Зеңгі бабаның қызы дейді. Жаугершілік заманда Айша Түркістанда батырлығымен аты тараған Қараханға қатты ғашық болады. Екі жас некелесуге уәделеседі. Бірақ, жан – жақтан ентелеген жаумен арпалысқан батыр келісілген күні сүйіктісіне келе алмай қалады екен. Күте – күте шаршаған ару жігітінің мекені Тараз қаласына күтушісі Баба әже қатынды ертіп, жолға шығады. Қалаға таяй бере, суға шомылып, дем баспақ болған сұлуды жылан шағып алады. Денесіне у тарап, хал үстінде жатқан Айша бибі Қараханға хабар бергізеді. Ал Қарахан жеткенде, қыздың жағдайы тым ауыр еді. Молда әкелдіріп, некелерін қидырғанда Қарахан сүйіктісінің құлағына, « Айша, сен енді бибі болдың!» деп үш рет айқайлапты. Осыдан соң жас ару бақилық болып кете барады. Десек те, тарихта Қарахан мен Айша бибінің некелескені туралы бірде бір дерек жоқ. Қайғыдан құса болған Қарахан Айшаның басына күмбез орнатады. Айша бибі шамамен XI – XII ғасырда өмір сүрген. Әкесінің есімі – Айқожа болды делінеді. Айшаның еліне келген Қараханмен жолығып, бұлардың арасында махаббат оты тұтанады. Жау жан-жақтан анталаған заманда елін қорғауға кеткен Қарахан келемін деген уақытта келе алмай қалады. Күтуден талып, құрбыларын ертіп, Қарахан еліне аттанбаққа шыққан Айшаға әкесі батасын бермей қояды. Онда да алған бетінен қайтпаған бибі сапарға аттанып кетеді. Ел шетіне таянғанда суға түсіп, шаршауын баспақ болған қыздың сәукелесіне жылан кріп, ақыры сұлуды ажал құштырады. Қарахан сүйіктісімен «бұл дүниеде бірге болмасак та, о дүниеде бір болайық» деген оймен некелерін қидырады. Ол өл – өлгенше сүйгеніне адал болып өтеді. Айша бибі моласының басына үлкен күмбез салдырған екен делінеді [4].

Айша бибі ескерткішін Мұхаммед тұрғызды деп батыл айтуға негіз болатын бір жайт бар. Қазақстанның сәулетші зерттеушілері В. Қадырбаевтың, Н. Бәсеновтың және басқалардың мәліметтеріне қарағанда күмбездің маңдайшасына мазарды тұрғызған Мұхаммед хан деген сөздер мұндаға дейін сақталған екен. Айша бибі кесенесі ата – бабаларымыздың құрылыс сәулет, әшекей, математикалық есеп, материалтану т.б. салаларды жүздеген жылдар бұрын – ақ әлемдік деңгейде игергендігінің, сонымен бірге адамдар арасында ізгілік, имандылық, танымдық өрелерінің жоғары болғандығының белгісі болса керек. Біздің уақытымызға кесене бұзылған күйі жеткендігін айтып өттік.

Кесененің тек батыс қабырғасының біраз бөлігі мен сонымен жоспарлас екі қабырғаның аздаған қалдықтары сақталған болатын. Сондықтан ежелгі шеберлердің өнерін қайта тірілту, болашақ үшін қалпына келтіру көкейтесті мәселеге айналды. Кесененің шынайы бейнесін жасау ғалымдардан, сәулетшілерден үлкен білім мен кәсібилікті талап етті. Ұзақ пікірталасан соң кесенені бұзылған қалпында сақтамай, қайта қалпына келтіру керек деген шешім қабылданады. Бірақ, кесененің салынуы туралы жазба деректер жоқ болатын. Оның күмбезі қандай пішінде болғаны белгісіз еді. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде оның пішіні болжам түрінде айтылды.

Ғалымдар мен мамандар Қазақстан мен Өзбекстандағы тарихи жәдігерлер мен сәулет өнерінің туындыларын терең зерттей келе Айша бибі кесенесінің күмбезі конус тәрізді болған деген ортақ пікірге келді. Бұл сәулетші, қалпына келтіруші Ә.Итеновтің 1981 жылы ұсынған жобасы болатын. Оған дейінгі

1979 – 1980 ж.ж. кесенені қайта қалпына келтіру жайлы жобалар мамандар тарапынан мақұлданбады. Ә. Итеновтың жобасын 1981 ж. сәулет өнерінің докторы М.С.Булатов, сәулет өнері ғылыми зерттеу институтының сектор бастығы О. Х. Халпахчян, тарих ғылымдарының докторы В.Л.Воронина, өнертану докторы Л.Маньковская бірауыздан қолдайды. 1981 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау ғылыми әдістемелік Кеңесінде Өзбекәлі Жәнібековтің жетекшілігімен жобалар сараланып қаралып, мамандар тарапынан соңғысы мақұлданады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Айша бибі кесенесіне «Қазқайта жаңарту» ұжымының шеберлері қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Кесене күмбезін көтеру үшін ішкі бөліктегі кірпіштер алынып, қайта қаланды. Жаңа қабырғалардың үстінен конус тәрізді күмбез өрілді.

Бүгінде Айша бибі кесенесі бір шаранаға зар болып жүргендердің тәу етіп келетін қасиетті жеріне айналған. Әрине, тілектің қабыл болуы бір Алланың қолында екені рас. Әулиелі жердің топырағын басып, кесенеге ізгі ниетпен келгендердің тілегі қабыл болып жататындығы да таңғалдырады. Жаңадан шаңырақ көтерген жастар ескерткіш басына келіп тағзым етіп жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Молдатай С. «Астана Ақшамы» 21 Ақпан, 2013
2. Жолдасбек М. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. – Астана, 2001. – 353 б.
3. Аяган Б. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1 том Алматы, 2005. – 560 б.
4. Байжанов І. Шымкент шаһары // Abai.kz

Есеналиева А., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, РД-19-2 тобы, студент

(Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., доцент Жангабулова З.К.)

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ӨРЕСКЕЛ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАР

Тіл мәдениеті дегеніміз – адамдармен тілдік қарым-қатынас негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ол жалпытілдік норманың сақталуымен, тілдің мазмұндылығымен, ойлылығымен, лексикалық байлығымен, көркемдігімен әрі мәнерлілігімен сипатталады. Жалпы тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларды қарастырып отырсақ, тіл мәдениеті дегеніміз сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі [1, 23].

Халықтың ұшан-теңіз сөз байлығының ішінен ең қажетті, ең ұтымды тілдік құралдарды таңдап алып, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу білгірлік пен шеберлікті қажет етеді.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы. Сөздерді қиюластырып, ойын әдемі де әсерлі жеткізе білу де – өнер. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі - тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ең алдымен ойымыздың, сөзіміздің бөтен, жат элементтермен араласпауы талап етіледі.

Кез-келген адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан, онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Тіл-адамдардың еңбек ету процесінде, қарым-қатынас жасау тәжірибесінде, сол тілде сөйлейтін халықтың бастан кешірген ұзақ өміріндегі ойлау жұмысының нәтижесі ретінде үнемі дамып отырады. Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді өткір құрал ретінде қолдана білу – үлкен өнер. Әрбір мәдениетті адам сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін артыруға талпынуы тиіс.

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Яғни, тілдің эстетикалық әсер етуіне басты назар аударылуы қажет. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты сөйлеу, жазу үстінде де адамның әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасында ғана емес, соған қоса тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс.

Тіл қарым қатынас құралы. Әрбір айтылған сөз арқылы адамның ой-өрісінің, рухани байлығының, ортасының, тәрбиесінің қандай екенін байқауға болады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің сөз байлығын игерген, сөз құдіретіне түсінген, тіл тазалығында өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын адам тіліміздің тазалығына, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді [2, 5]. Үлкен кісілер «сөздің құдіретінен» қорқып, ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, ойланып барып сөйлеген. Абай атамыз: «Сүймек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек...», – дейді. Ал қазірде керемет бай, көркем, әдемі тілімізден жұрнақ та қалмай бара жатыр десек, шатаспағанымыз. Неге? Себебі бүгінде біздің қатарластарымыз мүлдем батыстанып барады. Қазіргі жаһандану заманында батыстан келіп жатқан тоқтаусыз ақпараттар легі жастардың